Серуенге шықпаған жағдайда	Серуенге шықпаған жағдайда балалардың қалауы бойынша сюжетті –рөлдік ойындар ойнату. Қалаулары бойынша ертегі сахналату.(қуыршақ, саусақ театрларымен ойындар) Воскобович ойындарын ойнату. Асық терапиясы бойынша жұмыс жасау.Сауат ашуға байланысты дыбыстықталдауға байанысты жеке жұмыстар жүргізу.				
Серуеннен оралу	Аяқ киімді оң-терісін айырады , реттеп қояды, киімдерін ретімен шешіп шкафқа дұрыстап бүктеуді біледі. Серенге шықпаған күні балалар сюжетті рөлді ойындар ,театрландырған іс әркет,еркін ойындар және мониторинг бойынша жеке балалармен жұмыс жүргізу.				

Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру.Балалардың орындыққа отыруын, қасықты дұрыс ұстауын қадағалау. Тамақты шайнағанда ауызды жауып шайнайды. Тамақтану соңында ас қайыру сөздерін және ауызды қайнаған сумен шаюды біледі.Адам денсаулығы үшін дұрыс тамақтанудың және де тамақтану барысында әдеп этикасын сақтайды. **К-с №129**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. «Әлди-әлди» өлеңімен балаларды түскі ұйқыға жатқызу.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Баяу музыка әуенін қосып қою.	Ұйқының маңыздылғын,адам организміне қаншалықты пайдасы зор екенін айтып өту.	Ертегі оқып беру арқылы балалардың тәтті ұйқыға кетуіне жағымды жағдай жасау.	Бесік жырларын тыңдатып ұлттымыздың құндылықтарына деген сүйіспеншілік қасиетке бөлетіп ұйқыға жатқызу.
	Пг. Э. №18-1 ***«Қиыршық тастармен ойын»***				
Ұйқыдан ояту. Төсек үстіндегі жаттығу. Тыныс алу жаттығулары Шынықтыру шаралары	Музыка әуенімен біртіндеп ояту.Төсек үстінде жаттығулар жасау. Салқынсуменжуыну.	Музыка әуеніменбіртіндепояту.Төсекүстіндежаттығуларжасау.Салқынсуменжуыну	Жалпақтабандылықтың алдыналумақсатындадемонсаулықжолдартүрімен жүру. Салқынсуменжуыну.	Музыка әуеніменбіртіндепояту. Нүктелік массаж Салқынсуменжуыну	Біртіндепояту. Жалпақтабандылыққақарсыжолдарменжүру Салқынсуменжуыну
Бесін ас	Тамақтану этикасын сақтауға, балалардың назарын тағамға аудару Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отырып тамақтанады.				
Сюжеттік-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар Театрландырылған іс-әрекет. Аз қозғалмалы ойындар		**И.қ.о №51«Өзіңе жұп тап»** **Э.о№ № 45 «Қоңырау»** **Сюжеттік –рөлдік ойындар:** «Дүкенші», «Шаштараз» **Мақсаты:** Диалогтық сөйлеу	**№38 Ж.о: «Мені қуалап жет!»** **К.д.д.о:№ №41 «Бүлінген телефон»** **Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Құрылыс	**Ұ-о№ 45. «Асау мәстек»** **Топпен жұмыс жүргізу** «Табиғатты аялайық» Табиғаттағы өзгерістер туралы туралы айта алады **(2 факт, 1 пікір)** **Аз қозғалмалы ойын:** «Шымыршық»	

		ерекшелігін қалыптасқан. (еркін ойын) Асықты иіру арқылы жатысын анықтату.	орталығы»Конструктор лар арқылы әр түрлі құрылыс құрай алады. (еркін ойын)	**Мақсаты:** балаларды қимыл мен мәтінді үйлестіре алады. (екін ойын)	
Баланың жеке даму картасына сәйкес балалармен жеке жұмыстар		**Айару Коркем** Жаңылтпаштар,тыйымсөздер айтқызу.	**Назым Айару Айсулу** Сөздерді буынға бөлуді және дауысты ,дауыссыз дыбыстарды ажыратқызу.	**Нурлыбек Райана Айсулу** Сарбаздар тақырыбына сұрақ –жауа алу.	
Кешкі ас	Ас мәзірімен таныстыру Тамақтану этикасын сақтауға, балалардың назарын тағамға аудару Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету.				
Серуенге дайындық Серуен. Қозғалмалы ойындар.	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату.				
Балалар және ата-аналармен қарым-қатынас Балалардың үйге қайтуы.		**Рефлексия:** «Бутерброд» әдісі Мақсаты: балалар күні бойы игерген білім-біліктерін ата-аналармен бірлесіп қорытындылай біледі. **Ата- аналармен жұмыс** Қарапайым математикадан қарапайым есептерді шығаруға үйде көңіл бөлулерін айтып	**Рефлексия:** «Достар» әдісі Мақсаты: Балалар күні бойы алған білімдері мен дағдыларын қорытындылай алады.Достарымен талқылай біледі **Ата- аналармен жұмыс** Шамасынша көп уақытты балаларыңызбен өткізуге тырысыңыздар. Олардың істеген істері	**Рефлексия:** «Күлегештер» Мақсаты: Балалар күні бойы өзіне ұнаған іс-әрекетке баға бере алады **Ата -аналармен жұмыс:** Сауат ашудан танысқан дыбысарды қайталап сөздер ,сөйлемдер құрауға тапсырмалар беру.	

		ескерту	сіздерге маңызды екенін білдіріңіз.		

Тексерілді:

ЦИКЛОГРАММА

(10.05.21 – 14.05.2022 ж III- апта)

Мектепалды даярлық топ «Балдаурен» (5-6жас)

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»
Апта тақырыбы: «Бау-бақша»
Тәрбиеші: Кокабаева Ж.Е.

Күн тәртібінің үлгісі мен қысқаша мазмұны	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
«Сәлеметсіздер ме балалар!» **Таңертеңгілік қабылдау.** **Таңғы жиын** **Топтық қарым – қатынас: қызықты ұзақ және қысқа мерзімді жұмыстарды бірлесе жобалау.**	**Балаларды қабылдау.** **Тері қабаттарын қарау.** **Баланың жағдайы туралы ата-анамен сөйлесу.** Таңғы жиын Апта тақпағымен таныстыру. Бау-бақша Жаз келіпті дегенше, Алма пісті дегейсің. Бағымызда ендеше Алма тарту көбейсін. Жаз келіпті дегенше, Қарбыз пісті дегейсің, Бақшамызда ендеше Қарбыз жинау көбейсін. (Қимылмен көрсету). **Жұмбақ жасыру:** **Ж.№113,Ж.№114** Бау-бақшада барша жұрт Саңқылдаған саз әні	**Балаларды қабылдау.** **Тері қабаттарын қарау.** **Таңғы жиын .** **Апта тақпағын қайталату.** **Саусақ жаттығуы: «Күн мен гүл»** Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады, Гүл ұйқыға жатады. Мақсаты:ұсақ қол моторикасын, тілін дамыту . Жеміс ағаштары бізге қандай қызмет көрсетеді? - Жемісін береді, денсаулығымызды жақсартады. -Дәрумендер аламыз, ағзамызды түзейді -Дәрі –дәрмек жасайды,	**Балаларды қабылдау.** **Тері қабаттарын қарау.** **Таңғы жиын .** **Апта тақпағын қайталату.** **Саусақ жаттығуы:** «Күнге ұқсаймыз» Қол ұстасып дөңгелеп, Тұра қалдық екеуіміз. Өзіміз де дөңгелек, Күнге ұқсайды екенбіз. Мақсаты:Ой-өрісі кеңиді. Зат бейнесін есту арқылы елестетеді зейінін шоғырландыруға жағдай жасайды. «Еңбек» Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты – еңбек. Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек.	**Балаларды қабылдау.** **Тері қабаттарын қарау.** **Таңғы жиын .** **Апта тақпағын қайталату.** **Артикуляциялық жаттығу** Көктем туралы Тем – тем – тем, Көңілді көктем. Ыр – ыр – ыр, Жауады жаңбыр. Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай. Шек – шек – шек, Шығады бәйшешек. Ал –ал –ал, Төлдейді мал. Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты:Жемістер мен көкөністерді ажыратып, дәмінің айырмашылығын	**Балаларды қабылдау.** **Тері қабаттарын қарау.** **Таңғы жиын .** **Апта тақпағын қайталату.** Саусақ жаттығуы: «Жаңбыр» Бұлт қабағын түйіп ап, Бүркеп алды аспанды. Тырс ^{3} тырсылдап, Жаңбыр жауа бастады. Мақсаты: Назарын аударып зейінін шоғырландыруға жағдай жасайды. Есту қабілеттерін арттыру балалардың ұсақ қол моторикасын және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Мақсаты:Есте сақтау

	Көлде құстың базары Жидек пісіп толады. Бұл қай кезде болады? (Жаз мезгілі.) **Көркем сөз *№133***	өмірімізді ұзартады Бақшаларға гүл егіп, Жемістерді тереміз. Дала жасыл түске еніп, Көктем мезгілі келіпті.	Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.). ***М-м. №105.*** ***М-м. №106.***	және пішінін айта білуге үйрету. Ойынның шарты:баланың көзі жұмылады.Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарына алып,оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек.	қабілетін артады. Елестету арқылы қиялын дамыту, әр киіпкердің рөліне енуді үйрету, дауысын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады **Санамақ №70**

Таңғы жаттығу	1-кешенді жаттығу				
Таңғы ас.	Ас мәзірімен таныстыру				
	-Дастархан басында отырып қатты сөйлеудің, қатты күлудің қажеті жоқ екенін түсіндіру.	Дастархан басында жан – жағыңа алақтамай, тыныш отырып тамақтану керек, әйтпесе тамағың дұрыс сіңбейді.	Үстелге қолыңды тазалап жуып, сырт киіміңді шешіп келіп отыру керек.	Тамақ ішіп болғаннан кейін қолыңды, аузыңды майлықпен сүртуді ұмытпа. - Рахмет айтуды да ұмытпа	Аузыңа тамақты толтырып алып қасыңдағы адамдармен сөйлеспе, аузыңнан тамағың шашырайды әрі сөзің түсініксіз болып шығады.
Мәдени гигиеналық дағдылар. Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Гигиеналық шаралар: Ойын: «Жалғасын тап».(Мақал-мәтелдерді жалғастыру) 1.....қара,шашыңды тара.(айнаға) 2.....- денсаулық кепілі.(тазалық) 3.Ішің ауырса,аузыңды тый, Көзің ауырса,.... тый.(қолыңды)	Гигиеналық шаралар: Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамын. Таза болып мұнтаздай Тағамға қол созамын. Мақсаты:Балаларды таза жүруге үйрету, тазал Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты:Жемістер мен көкөністерді ажыратып, дәмінің айырмашылығын және пішінін айта білуге үйрету. Ойынның	Гигиеналық шаралар:Дымқылдап күнде сен, Қолыңа сүйкесең, Кетіп кір, ласың Тап- таза боласың. Бұл не? (Сабын) Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолынан, Сүртеді жонынан. Бұл не? (Сүлгі) Иілесің иіліп, Түйілесің түйіліп,	Гигиеналық шаралар: Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. «Бисмиллахсыз» бастауға, Болмайтынын біліп жүр. Мақсаты:Балаларды таза жүруге, имандылыққа тәрбиелеу. Жаңа санамақ Бір- таңертең тұр. Екі- шынығып бекі. Үш- тазала тіс. Төрт- сабындап жу бет. Бес- сүртін тез	Гигиеналық шаралар: Тісті күніне екі рет Тазартуды ойларсың. Әдет қыл бұл ісіңді: Тазалап жүр тісіңді. Кішкене де ыңғайлы, Тіс щеткасын пайдалан. Тазалауға болмайды, Щеткасымен басқа адам. Бау, бақша, белдер, Орман, тау, көлдер — Көрікті, шексіз даламыз. Дәулеті тасқан, Сәулеті асқан Көңілді ауыл, қаламыз.

	4.Денсаулық.... байлық (зор). 5.Шыныққаң.... боларсың (шымыр). Мақсаты: Балалардың тазалық,саулық туралы ұғымдарын кеңейту. Тіл ұстарту жаттығулары Көктем туралы Тем – тем – тем, Көңілді көктем. Ыр – ыр – ыр, Жауады жаңбыр. Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай. Шек – шек – шек, Шығады бәйшешек. Ал –ал –ал, Төлдейді мал.	шарты:баланың көзі жұмылады.Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарына алып,оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. ыққа баулу.	Қарайды кісіге Ұқыпты ісіне. Бұл не?(Айна) Аузы жоқ, көзі жоқ, Тілі жоқ, сөзі жоқ, Бірақ та тісі бар- Шашыңмен ісі бар. Бұл не?(Тарақ) Мақсаты:Тазалық бұйымдарына байланысты, жұмбақ шешуге үйрету. Ойын: «Сиқырлы сөздер» Балалар шеңберге тұрып, допты лақтырып-қағып алу арқылы бір-біріне әдепті сөздер айтады	Алты – үйді жина жалпы. Жеті- киін енді. Сегіз- асыңды жеп, іш. Тоғыз- ыдысты жу тегіс. Он- сабақ оқы. Осыдан соң, бұл санамақ жаңа Күнде өстіп сана.	Өзіміз туған, Көбелекқуған Өлкеде өсіп толамыз. Жадырап күндей, Жайнаған гүлдей Бақытты біздер баламыз. Аялар бізді Қамқоршы ізгі — Сүйікті Отан-анамыз. Ағалар салған Жолдармен алғаарамыз! **А.ж-№17**

«Ойнап оқимыз». **(Ұйымдастырылған оқу қызметі)**	**Орыс тілі** Маман жоспары бойынша **Тақырып:** «Өтілген тақырыптарды қайталау» **Мақсаты:** Жыл көлемінде алған білімдерін дидактикалық ойындар арқылы қорытындылау ***Кіріспе бөлім:*** - Балалар, сендер нешеге дейінгі сандарды тура және кері санауды, қосып азайтуды үйрендіңдер? - Ендеше маған қазақ, орыс, ағылшын тілінде 1 - ден 10 - ға дейін тура және кері кім санап береді? ***Негізгі бөлім:*** «Көңілді пойыз» ойынын ойнаймыз. Мақсаты: 1 - ден 10 - ға дейінгі сандарды қосып азайтуға байланысты алған білімдерін бекіту.	**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ** ***Тақырып:*** «Жантақ қайда өседі? » ***Мақсаты:*** Дала өсімдіктерімен таныстыру «Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?» (Емдік өсімдіктерді тани және ажырата білуге үйрету) ***Кіріспе бөлім:*** «Жақсы – жаман» ойынын ұйымдастыру. Көктемнің келгенін білдіретін белгілерді атату. Көктемде қандай жел соғады? Қандай табиғат құбылыстары болады? ***Негізгі бөлім:*** «Үйшік» ойынын ұйымдастыру: балаларға сабаққа қатысты суреттерді үлестіреді. Шарты:Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың	**Сурет** Маман жоспары бойынша **САУАТ АШУ** *Тақырып:* «Ү дыбысын қайталау» *Мақсаты:*Ү» дыбысын қайталау, сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету *Кіріспе бөлім:* *Жұмбақ жасыру:* Шелектеп құйсаңда, су жұқпас, -Қай құс? (үйрек) -Үйрек қай дыбыстан басталып тұр? -«Ү» дыбысын қайталау. 2. *Негізгі бөлім:* Тіл ұстарту. Үз-үз-үз – суда еркін жүз. «Ү» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясын қайталау. «Ү» дыбысын өткен дыбыстарға қосып сөз құрау: Үн, сүт, түс, үш, үс. Қысқа сөздерге дыбыстық талдау жасату.	**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ** ***Тақырып:*** « Жайлауда» (Өлең) ***Мақсаты:***ұсынылған тақырып негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұны бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыруға үйрету ***Кіріспе бөлім:*** ***Шаттық шеңбер:*** Арайлап атқан алтын күн, Шуағын бізге шашады. Жылуын беріп біздерге, Амандық сұрап жатады. Қайырлы таң, достарым, Қайырлы күн, достарым. *Негізгі бөлім:* Демонстрациялық құрал. Біздің елде бар үй . Тыйым сөз жаттату. жануарларының суреті ілінеді. Сурет бойынша сұрақ-жауап. – Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. – Үй жануарлары жазда қайда болады? – Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы	**Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ** ***Тақырып:*** «Бала-біздің болашақ» ***Мақсаты:***Қазақстан жазушыларының шығармаларын атату **Кіріспе бөлім:** Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? -Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Жаз мезгілі несімен ұнайды? Негізгі бөлім: -Жаз мезгілінің бірінші күні-«Балаларды қорғау күні». -Балалар-болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматтар. -Балалар, ол сендердің мерекелерің -Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала-біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Бала-біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ, Болашаққа иеміз. Сөздік жұмыс Болашақ сөзі алдағы уақыт деген мағынаны білдіреді

	«Ғажайып текше» ойыны Шарты: текшенің айналасында әртүрлі пішіндер жабысқан, текшені ортаға лақтырып, жоғарғы бөлігіне түскен пішінді үш тілде атап, бұл пішінге қандай заттар ұқсайтынын атату. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы фигуралар әлемі» Мақсаты: Геометриялық фигураларды, денелерді көлемі, өзара ұқсастығы бойынша құрастыру. Балаларға геометриялық фигуралар, денелер, пирамидалар, лотолар, пазылдар таратылады. Фигураларды көлемі, өзара ұқсастығына байланысты құрастыру тапсырылады.	ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Жантақпен таныстыру. ***Слайд көрсету.*** Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап» Суретпен жұмыс. Өсімдік өсетін жерлер дала, орман, таулардың айырмашылығы туралы әңгімелеу. ***Қорытынды:*** «Шығармашылық ағашы» рефлексивтік жаттығуларын жасауға шақыру. **Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша **Мүсіндеу** Маман жоспары бойынша **САУАТ АШУ** *Тақырып:* «Ү дыбысын қайталау» *Мақсаты:*Ү» дыбысын қайталау, сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету *Кіріспе бөлім:* *Жұмбақ жасыру:* Шелектеп құйсаңда, су жұқпас, -Қай құс?	– С қандай дыбыс? – Ү қандай дыбыс? – Т қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: бір құстың немесе жәндік пен жануарлар атын айту, балалар не керек екенін айтып береді. Мысалы: Үйрекке не керек? Қоянға не керек? Сурет бойынша әңгіме құрату. Саусақ жаттығу. Жеті мен сегіз, Қошақан ғой егіз. Тоғыз бен он, Көгершін боп қон. Дәптермен жұмыс. Қайталап салу. *Қорытынды:* -Қай дыбысты қайталадық? --Не жайлы әңгіме құрадыңдар? -Кімнің әңгімесі өте қызық болды? Дене тәрбиесі Маман жоспары бойынша **ҚАУІП.МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НЕГІЗІ** *Тақырып:*«Пайдалы	мекен. Бүгін біз Н.Жанаев шығармашылығымен танысамыз. Ақынның «Жайлауда», "Боранда", "Лағым"өлеңдері бар. Соның ішіндегі "Жайлауда " өлеңін мәнерлеп оқып беремін Өлең мазмұны бойынша сұрақ қою.. Сергіту сәті: Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады..Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді Малды теппе. Сурет мазмұны бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастырту. *Қорытынды:* – Балалар, сендер жайлауды, үй жануарларын жақсы көресіңдер ме? 68 Жайлауда сиыр, қой, түйе, жылқы болғандықтан, қымыз, шұбат, айран, сүт те көп болады. Олар – нағыз	Сергіту сәті - Таңертең тұрғанда жазда нені көресіңдер? - Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? - Күн бізге не шашады? - Қане, алақанымызды жылытайық. Қолымызды күнге созайық. Сұрақ-жауап - Өлеңде не туралы айтылған? - Өлең шумағын қайталайық Сурет бойынша жұмыс. Сұрақ-жауап: Дидактикалық ойын: «Не болар еді?» - Күн жоқ болса, не болар еді... - Ауа жоқ болса, не болар еді... ***Қорытынды:*** -Қандай өлеңен таныстық? -Өлеңді кім жазған? -Қандай жаңа сөзбен таныстыңдар? **Аппликация:** ***Тақырып:***«Көбелектер» ***Мақсаты*:** Ирек пішіндерді қия білуге үйрету. Қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір-

	Геометриялық денелерге нелер жатады? ***Қорытынды:*** Дәптермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қанша болса сонша» Суретте қанша шырша болса сонша үшбұрышты боя. Суретте қанша үй болса сонша шаршыны боя. Суретте қанша шар болса сонша шеңберді боя. **Музыка** Маман жоспары бойынша **«Ритмика»** Маман жоспары бойынша	(үйрек) -Үйрек қай дыбыстан басталып тұр? -«Ү» дыбысын қайталау. 2. *Негізгі бөлім:* Тіл ұстарту. Үз-үз-үз – суда еркін жүз. «Ү» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясын қайталау. «Ү» дыбысын өткен дыбыстарға қосып сөз құрау: Үн, сүт, түс, үш, үс. Қысқа сөздерге дыбыстық талдау жасату. – С қандай дыбыс? – Ү қандай дыбыс? – Т қандай дыбыс? Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: бір құстың немесе жәндік пен жануарлар атын айту, балалар не керек екенін айтып береді. Мысалы: Үйрекке не керек? Қоянға не керек? Сурет бойынша әңгіме құрату. Саусақ жаттығу. Жеті мен сегіз, Қошақан ғой егіз. Тоғыз бен он,	кеңестер мен жағымсыз әдеттер» *Мақсаты:*Қоғамдық орындарда қарапайым мәдениеттілік және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгерту ***Кіріспе бөлім:*** «Жүректен-жүрекке» Күлімде, күн, күлімде. Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ! ***Негізгі бөлім:*** Пайдалы кеңес дегеніміз не, балалар? – Дұрыс тамақтану, таңертеңгілік жаттығуды жасау, салқын сумен шынықтыру шараларын қолдану, күн тәртібін сақтау тәрізді жағымды әдеттер денсаулығымызды сақтауға көмектеседі. Балалар, тағы қандай жағымды қасиетті ұмыттық? – Біздің жақсы өмір сүруімізге кедергі	табиғи өнімдер, ішінде дәрумендері көп. – Сүттен қандай тағамдар жасалады? **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ** ***Тақырып:*** Қоршаған ортаға күтім жасайық. ***Мақсаты:*** табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаны ластамай сақтауға тәрбиелеу. **Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбері:Армысың шапағатты Күн - Ана! Армысың қайырымды Аспан - Ана! Армысың мейірімді Жер - Ана! Құт дарып бар әлемді жарылқа! Ойын: «Кім көп біледі?» (Доп арқылы) 1.«Әдепті бала дегенді қалай түсінесің?». Үлкенге орын беру, кешірім сұрау. 2.«Жақсылық жасау» деген не? Құстарға жем беру, ағаштарға су құю. 3. Үйіңе қонақ келсе қалай күтіп аласың? Амандасу, төрге шығару,	бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйретуді жалғастыру; ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; әсемдікке, табиғатты сүюге, оны аялауға тәрбиелеу ***Кіріспе бөлім:*** Шаттық шеңбер Слайдтан түрлі көбелектердің суреттері көрсетіледі. – Балалар, серуен кезінде қандай көбелектерді көріп едіңдер, еске түсіріңдерші? ***Негізгі бөлім:*** Бүгін барлығымыз бірігіп көбелектер әлемін жасауға келісесіңдер ме? 1. Үлгі дәптердің 91-бетіндегі әдемі сюжетті суретке балалардың назарын аудару. 2. Енді 93-беттегі қызыл, сары, қызғылт сары түсті көбелектерді көрсетілген сызық бойымен, екіге бүктеу тәсілін пайдаланып қиямыз. Ол үшін 3 топқа бөлінеміз. 1-топ қызыл көбелекті, 2-топ сары көбелекті, 3-топ қызғылт сары көбелекті қияды. Сергіту сәті А. Сәрсеков. «Көбелек» өлеңі.

		Көгершін боп қон. Дәптермен жұмыс. Қайталап салу. *Қорытынды:* -Қай дыбысты қайталадық? --Не жайлы әңгіме құрадыңдар? -Кімнің әңгімесі өте қызық болды?	келтіретін, денсаулығымызға зиянды әдеттерде бар. Енді өздеріңнің бойларыңда кездесетін жаман әдеттерді атап көріңдерші?! *Дидактикалық ойын:* «Пайдалы кеңестер» Шарты:Дұрыс әрекетті тауып жасыл түспен белгіле және түсіндір. ***Қорытынды бөлім:*** -Балалар, қандай пайдалы кеңестер мен жағымсыз қасиеттерді білесіңдер? Ақыл-кеңестерді есіңде сақта. 1.Спортпен шұғылдан. 2.Дұрыс тамақтан. 3.Күн тәртібін сақтау әдебіне үйрен. Оқу қызметіндегі белсенді балаларды мадақтау.	ойыншықтарыңды беру. 4.«Отбасы» деген кімдер? (Ата, әже, мама, папа, апа, сіңлі, қарындас. 5.Табиғатқа қалай қамқорлық жасайсың?(***Негізгі бөлім:***Жұмбақтар: Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) Қараңғыда жымыңдайды, жанады, Жарық түссе, бірден сөніп қалады. (Жұлдыз) Тереземіздің әйнегін жуады, Бірақ сүртпейді. (Жаңбыр) Еш тесікке тұрмайды, Ол жоқта жер құрғайды. (Су) Балалар осылардың барлығын біздер бір сөзбен не деп атаймыз? - Табиғат *Дидактикалық ойын:* «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» Ойынның шарты: Балаларға сұрақтар қою. - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл	3. Енді әртүрлі түстегі дөңгелектерді қиып алып, санаймыз. – Балалар, қанша үлкен дөңгелек бар, қанша кішкене дөңгелек бар? 4. 92-беттегі үлгі сюжетті суретке қиып алған көбелектерді жапсырамыз, түрлі түсті дөңгелектермен қанаттарын әсемдейміз. Көбелектің мұртын қара түсті фломастермен сызып бояймыз. **Қорытынды:** Көрме ұйымдастырып, балалардың жұмысын талдау, мадақтау. **Музыка** Маман жоспары бойынша **16.00-16.30 Ритмика (ВК)** Маман жоспары бойынша.

				егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз? ***<u>Қорытынды:</u>*** Ал енді балалар, табиғатқа ризашылығызды білдірейік. Балалар шеңберге бір - бірінің қолдарынан ұстап тұрып: Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! Аспан Таза ауаң үшін рахмет! Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет! Ағаш, көлеңкең үшін рахмет! Табиғат сұлулығың үшін рахмет! **Ағылшын тілінде сөйлеп үйренеміз (ВК)**	
«Табиғатқа бірге». Серуенге дайындық. Серуен. Бақылау Еңбек қызметі. Қимылды ойын. Жеке жұмыс. Дербес қызмет.	Көктем картотекасы №25 Қайталау	Көктем картотекасы №26 Қайталау	Көктем картотекасы №27 Қайталау	Көктем картотекасы №28 Қайталау	Көктем картотекасы №29 Қайталау

Серуеннен қайту. Гигиеналық және шынықтыру шаралары					
«Ас – адамның арқауы» Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру				
	«Дастархан басында сақталатын ырым – тыйымдар» 1. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. 2. Тамақты жатып ішуге болмайды. Дені сау адам дұрыс отырып тамақтанады. Ал отыра алмайтын адам жатып ішеді. Сондықтан мүгедек адамның қылығын жасама. Дұрыс отырмаймын деп денсаулығыңды бұзып алма.	1.Ас ішіп болған соң «тойдым» деуге болмайды, «қанағат» деу керек. 2.Ертеңгі асты тастама Кешкі асқа қарама.	Дұрыс тамақтану мәдениетін игеруді жалғастыру. Тамақтану адам денсаулығына маңыздылығын түсіндіру.	Әр түрлі тамақта адам денесіне қажетті дәрумендер болады. Сондықтан тамақты талғаммен ішу керек.	Балалардың үстел басында дұрыс отыруларын қадағалау Асты асықпай, әбден шайнап жұту керек.
«Тәтті ұйқы» Түскі ұйқы	Музыка әуенін тыңдатып ұйықтату.	Ертегі тыңдату (аудио, киіз үйден)	Бесік жырларын тыңдатып ұйықтату	Ертегі оқып беру.	Бесік жырларын тыңдатып ұйықтату
	Мақсаты: Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
«Оянамыз» Ұйқыдан ояту. Төсек үстіндегі жаттығу. Сергіту жаттығулары. Тыныс алу жаттығулары Шынықтыру шаралары	**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар кешені №9**				
	Біртіндеп ояту Жалпақ табандылыққа қарсы жолдармен жүру Салқын сумен жуыну	Музыка әуенімен біртіндеп ояту. Төсек үстінде жаттығулар жасау. Дымқыл орамалдың үстімен жүру. Салқын сумен жуыну	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдар түрімен жүру. Салқын сумен жуыну	Музыка әуенімен біртіндеп ояту. Нүктелік массаж Салқын сумен жуыну	Біртіндеп ояту. Жалпақ табандылыққа қарсы жолдармен жүру Салқын сумен жуыну

Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру Таңертеңгі, түскі ас кезіндегі мәдени-гигеналық дағдыларды қайталау.				
«Алақай Ойын!» **Сюжеттік-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар** **Театрландырылған іс-әрекет.** **Аз қозғалмалы ойындар**	**Д.О:№404** **«Әңгіме құра»** Театрландырылған іс-әрекет: Фланелеграфта ертегі көрсету: «Ақымақ қасқыр» орыс халық ертегісі Мақсаты: фланелеграфты пайдалана отырып, өздіктерінен ертегі айта білуге үйрету. Қанағаттанушылық сезімге тәрбиелеу Ойын: Орын тап. Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен билейді.Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек,орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу,би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар кайту	**Д.О:№405** **«Таңдап ал да, дауысын сал»** Үстел үсті ойындары: «Кілемді жамау» «Кюйзнер санамақтары» өзара бөлісіп ойнау Әңгіме тыңдау: «Табиғат ана» Сюжетті-рөлдік ойындар: «Асхана», «Дәрігер», «Дүкенші». Мақсаты: Сюжетті-рөлдік ойындарын өзара бөлісіп ойнау. Әдептілікке бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу Ұлттық ойын: «Теңге алу» Ойын ережесі: 5-6 баладан ойнату. Ортада жатқан теңге салынған дорбаларды музыка тоқтаған кезде, ойыншық аттардың үстінен еңкейіп алу, дрба ала алмаған бала ойыннан шығып отырады. Жерде жатқан теңгені алу керек, ол	**И.қ.о №33 «Тұқым»** Аз қозғалмалы ойын: «Қадамдар. (Кім тез жетеді...)» Бұл ойын арқылы баланы жарыстыра отырып оның тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіруге болады. Ойыншылар қатар тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді. (арақашықтық 8-10 қадам) Әр қадамға тақырып таңдалады. Мысалы, "Тірі табиғат". Әр бала тірі табиғатқа байанысты сөз айтса ғана қадам жасай алады. Ойлануға бір минут қана беріледі. Басқа тақырыптар: "Барлығы дөңгелек", " Барлығы ыстық", "Барлығы дымқыл". "Анаға арналған жылы сөздер", "Мейірімді сөздер" «Барлығы көктемге қатысты» және т.б. Мақсаты:	Үстел үсті театры: «Аю, түлкі және аңшы» Мақсаты: Қуыршақ театрын пайдалана отырып баланың тілін, дамыту. Дауыс ырғағын келтіруге дағдыландыру. Ойын: «Сиқырлы дорба». Мақсаты:Танымын арттыру, заттарды атай алуға үйрету.Ол заттар не үшін керек екенін меңгерту Сюжетті-рөлдік ойын:«Дәрігер», «Шаштараз», «Аспазшы» Мақсаты: балаларға сюжеттік-ойынды дамытуға көмектесу. Ойынды өзара бөлісіп ойнау.	Үстел-үсті ойындары. «Пішіндер» «Лото», «.Күлгін мұнарлар» Ойын: Сиқырлы дорба. Мақсаты:Танымын арттыру, заттарды атай алуға үйрету.Ол заттар не үшін керек екенін меңгерту.«Фигураларды құрастыр» жаттығуы Мақсаты: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялықфигуралардың жасап шығару керек.Төмендегідей тапсырмалар беріледі: 1. Төрт таяқшадан шаршы құрастыру; 2. Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; 3. Үй құрастыру; 4. Жалауша құрастыру; 5. Жұлдызша құрастыру. 6.Зымыран құрастыру.

		үшін ептілікті талап етеді.	Тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіру		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Назым Нурлыбек Райана Айсулу** түрлі заттарды жалпылай және жеке сипаттауды үйрету; «Бір сөзбен ата» «Артығын тап»	**Айсулу** Уақыт ұғымдары туралы білімін жетілдіру. Таңертең ,түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.	**Назым Айару** Тілдік жаттығулар қайталату.	**Райана Айсулу** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.	: **Назым Айсулу** Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету.(Е,О)
Серуенге дайындық Серуен. Қозғалмалы ойындар. Серуеннен қайту. Гигиеналық және шынықтыру шаралар.	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату.	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату	Таңертеңгі серуендегі бақылауды жалғастыру. Өз қалаулары бойынша ойын ойнату
«Қош бол, балабақша!» Балалар және ата-аналармен қарым-қатынас Балалардың үйге қайтуы.	Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.	Қоштасу ертеңгілігіне байланысты тақпақ, өлеңдерді қайталатуларын ескерту.	Күннің жылуына байланыты көп уақытымызды далада өткізезетініміз жайлы айтып, үйде балаларға қауіпсіздік ережелері жайында әңгіме жүргізілері жайлы ұсыныс беру.	Короновирусқа байланысты сақтық шараларын қолдану жайлы ұмытпауды ескерту. Қарапайым математикадан қарапайым есептерді шығаруға үйде көңіл бөлулерін айтып ескерту	Демалыс күндерін жақсы өткізіп, көктем мезгілінде болып жатқан табиғат ерекшеліктеріне балалардың назарын аударту жайлы ескерту.Келесі апта тақырыбына байланысты жоба дайындау жайында ескерту.

Тексерілді:

ЦИКЛОГРАММА
(17.05-21.05.2022жыл - IVапта)
Мектепалды даярлық тобы «Балдаурен» (5 жастан)

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»
Апта тақырыбы: «Көңілді жаз»
Тәрбиеші: Кокабаева Ж.Е.

Күн тәртібінің үлгісі мен қысқаша мазмұны	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгілік қабылдау.	Балаларды қабылдау, денесін тексеру. Ата-аналармен балалардың көңіл-күйі туралы сөйлесу.	Балаларды қабылдау, денесін тексеру. Ата-аналармен балабақшаға әкелуге болмайтын заттар туралы әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Балалардың тазалықтары мен денсаулық жағдайларын тексеру.	Балаларды қабылдау, денесін тексеру. Ата-аналармен балабақшаға әкелуге болмайтын заттар туралы әңгімелесу.	Балаларды қабылдау, денесін тексеру. Ата-аналармен балалардың демалыс күндегі көңіл-күйі туралы сөйлесу.
Таңғы жиын Топтық қарым – қатынас: қызықты ұзақ және қысқа мерзімді жұмыстарды бірлесе жобалау	**Таңғы жиын** Апта тақпағымен таныстыру. **«Жаз»** Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке бөленді. Жаз қызығы. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап,	**Таңғы жиын** **Көркем сөз: №135** **Санамақ: №73- 75** **Еңбек:** «Гүлдерге қамқорлық» Топтағы гүлдердің жапырағын сүрте алады.	**Таңғы жиын** **М.м: №107-109** **Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған ойындар**: №39 «Біз қайда болдық, айтамыз» **Еңбек:** «Мен еңбекқормын» Топтың ішін тазалауға көмектесе алды.	**Таңғы жиын** **Сергіту сәті: №100-101** **Еңбек:** «Тазалық біздің досымыз» Жуылған ойыншықты орындарына жинай алады.	**Таңғы жиын .** **Апта тақпағын қайталау.** **Еңбек:** «Мен көмекші баламын» Гүлдердің артық жапырақтарын тазалай алады. **«Жаз»** Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер-ана көкке

	Балалар тоймай ойынға, Өтеді жаздың әр күні.**Көркем сөз: №**136 Достық **Ж:** №115-117 **Еңбек:** «Ойыншықтың орынын тап» Шапшаңдықпен ойыншықтарды жинай алады.				бөленді. Жаз қызығы. Көбелектер би билеп, Еңбекші ара бал жинап, Балалар тоймай ойынға, Өтеді жаздың әр
Таңертеңгі гимнастика	8:15-те дене шынықтыру нұқаушысымен жасалады.				
Мәдени гигиеналық дағдылар	**«Тазалықтың досы-сүлгі»** **Мақсаты:** Балаларлы өз денсаулығын күтуге, салауатты өмір сүруге баулу, гигиеналық талапты орындауға (шашы мен тісіне күтім жасауға), дұрыс тамақтанудың адам ағзасына әсері туралы түсінік беру. Ақ матадай түсі бар Қызыл жасыл түрі бар Жұмсақтығы мамықтай Сүртінесің жалықпай Тазалықтың досы Сүлгі – деген осы.				
Таңғы ас	Ас мәзірімен таныстыру. Үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалау. Тамақтану ережелерін айтып өту. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана	«Түзу отыр ,қисаймай, Бүкіреймей,жантаймай» **Мақсаты**:дастархан басында түзу,дұрыс отыруға үйрету Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін	«Тазалықтың досы-су дегенің осы» **Мақсаты:** қолдарын дұрыстап сабындап жууға дағдыландыру Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын	Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Ас мәзірімен таныстыру. Нанды үгітпей жеулерін қадағалау. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру,	«Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолды жу» **Мақсаты**: қолдарын дұрыстап сабындап жууға дағдыландыру. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде

	құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау; Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.	қалыптастыру және сақтау; Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.	дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау;	тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау;	отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау; Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Ұйымдастырылған оқу қызметіне керекті құрал-жабдықтарды, демонстрациялық,үлестірмелі материялдарды алдын-ала дайындау. Топ ішін ретке келтіру. **Әлеуметтік-эмоционалды тәрбиелеуге арналған ойындар: №42 «Жағымсыз қорап»** **Ойынның мақсаты:** эмоционалды шиеленісті шешуге үйрету. **Көркем сөз: №**135				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	**Орыс тілі** Маман жоспары бойынша **Математика негіздері:** **Тақырыбы: «Бекіту»** ***Мақсаты:*** Жыл көлеміндегі алған білімдерін көрсете біледі. ***Кіріспе бөлім:*** Математикалық жарыс ұйымдастыруды ұсыну. Топ құру. ***Негізгі бөлім:***	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:**«Қызыл кітапқа өандай жануарлар мен өсімдіктер енген?» ***Мақсаты:*** «Қызыл кітапқа» енгізілген және жойылып кету қаупі төнген жануарларды атай алады. ***Кіріспе бөлім:*** Балаларды Қазақстанның физикалық картасымен танысуға шақыру	**Сурет** Маман жоспары бойынша **Сауат ашу** **Қайталау** **Дене шынықтыру** Маман жоспары бойынша **Құрастыру** ***Тақырып:*** «Менің балабақшам» (Ұжымдық жұмыс) ***Мақсаты:*** Ұжымдық мазмұнды құрастыруда құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастыра	**Сөйлеуді дамыту** ***Тақырып:*** «Асфальттағы суреттер» (Өлең) ***Мақсаты:*** балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынас жасай біледі. ***Кіріспе бөлім:*** Балаларға Ж.Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып беру ***Негізгі бөлім:*** «Н» мен «Ң» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аударту – «Н» дыбысын айтқанда	**Көркем әдебиет** ***Тақырып:*** Төлдер айтысы ***Мақсаты:*** таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналай біледі. ***Кіріспе бөлім:*** Шаттық шеңбер: Балалардан аналары өздерін қалай еркелететінін сұрау. ***Негізгі бөлім:*** *1-тапсырма:* Жұмбақтарды шешуімен

	1-тапсырма: Топтар бойынша хормен тура және кері санайды. *2-тапсырма:* Фишкалардың ұқсастығын, айырмашылығын табу. *3-тапсырма:* – Неше пішін? Бұлар қандай пішіндер? Оларды атаңдар. *4-тапсырма:* – Есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар. *5-тапсырма:* – Ұзындығы бойынша салыстырыңдар. ***Қорытынды***: Смайлик тарату, мадақтау **Музыка** Маман жоспары бойынша **«Ритмика»** Маман жоспары бойынша **(вариативтік компанент)**	***Негізгі бөлім:*** Қауіп төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет беру. Оларды зерттеуге шақыру.Олардың жойылып бара жатқанын ескерту. Сирек кездесетін осындай жануарлар мен өсімдіктерді қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде кеңес беру. *1-тапсырма:* «Көңілді коллаж» *Сергіту сәті:* Дидактикалық ойын: «Жануарлар несімен ерекшеленеді?» ***Қорытынды***: Көрме ұйымдастыру **«Дене шынықтыру»** Маман жоспары бойынша **Мүсіндеу** Маман жоспары бойынша **Сауат ашу**	алады., балабақшаның басқа ғимараттардан ерекшелігін сезіне алады. ***Кіріспе бөлім:*** «Шаттық шеңбері» – Балалар балабақша дегеніміз не? -Балабақшамыздың аты қалай аталады? – Балабақшада біз не істейміз? – Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба? ***Негізгі бөлім:*** Бүгін біз «Сүйікті балабақшамызды» құрастыратын боламыз. Балабақшаның суретін көрсетіп, әңгімелесу *Сергіту сәті:* Құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастыру ***Қорытынды***: Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті балабақшам!»	дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді. – «Ң» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң. – Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Ң» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталату: Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың. Үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып беру Суретке қарап, қайталатып өлеңді жаттату. *Сергіту сәті:* Дидактикалық ойын: «Жанрды тап»	сәйкестендір. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын және қимыл-жүрісін көрсет. - Аталған жануарлар қай ертегіде кездеседі? «Төлдер айтысы» ертегісін естеріне түсіреді. Ертегі ұнады ма? *2-тапсырма:* «Не артық?» Не артық екенін тауып, қорша. *3-тапсырма:* Ойын-жаттығу: «Үйқасын тап» ***Қорытынды***: 1. Ұнады - жасыл қоржынды таңдайды. 2. Ұнамады - қызыл қоржынды таңдайды. **Жапсыру** **Тақырыбы:** «Гүл салынған ыдыс»

		Тақырып: Мен бір жасқа өстім ***Мақсаты:*** Өтілген тақырыптарды дидактикалық ойындар арқылы балалар естеріне түсіре біледі. ***Кіріспе бөлім:*** Шаттық шеңбері: Балаларды екі топқа бөліп, "сайыс" оқу қызметін өткізу ***Негізгі бөлім:*** Балаларды екі топқа бөлу. Балалардан барлық дыбыс атауларын сұрау. Дыбыстарды көп және тез атаған топ жеңіске жетеді. 1. **Д.О:№363** **«Сөйлемді аяқта»** **Қорытынды:** -Сөз неден құралады? -Сөйлем неден құралады? -Сөйлем қандай болады 2. **М.м:№107** **С.с:№100** 3. **Д.О:** "Эстафета".		Шарты: Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, сурет жанрын табу. ***Қорытынды***: Жаңылтпаш айтқызу: Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. **Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Мың алғыс саған өзін- өзі тану алемі!» **Мақсаты:** Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыта алды. **Кіріспе бөлім:** Бірінен соң бірі тұрып, қолдарын алдыңғы тұрған баланың иығына қойып, алға қарай жүруді және тәрбиешімен бірге мәтінді қайталауды ұсынамын. Достармен бір жолда, Иықтасып жүреміз. Қамқор болып әркімге Жүреріне сенміз! Балалар тәрбиешінің айтқанын орындайды, қайталайды. Қамқорлық деген сөзді қалай түсінесіңдер?	**Музыка** Маман жоспары бойынша. **16.00-16.30** **Ағылшын тілінде сөйлеп үйренеміз (ВК)**

		4.Дидактикалық ойын: "Кім бар, кім жоқ?". ***<u>Қорытынды</u>***: Жеңімпаз топты анықтау, смайликтерді жабыстыру		Бізге үйде, балабақшада кімдер қамқорлық көрсетеді? Ал сендер кімге қамқорлық жасай аласыңдар? **<u>Негізгі бөлім:</u>** **Әңгімелеу:** Балаларға В.Осееваның **«Жай ғана әжей»** әңгімесін оқып беремін Мұқият тыңдайды Әңгімедегі балалар туралы не айтып берер едіңдер? Ұл баланы әдепті, тәрбиелі бала деп айта аламыз ба? Осындай жағдайда өздерің болсаңдар не істер едіңдер? Балалардың жауаптары **Дәйексөз:** **Е.Өтетілеуов: «Кішіні қолдап жол бер, үлкенді сыйлап қол бер»** Талдайды **Сергіту сәті: «Сәлем берем үлкенге»** **<u>Ойын-жаттығу:</u> «Мен қамқор баламын»** Қамқор бала ағашқа (гүлге) су құяды, топырағын қопсытады.	

				Қамқор бала әжесіне, атасына су (орындық, таяқ) әкеледі. Балалар достарының дұрыс жауаптарын қолдап, қолдарын шапалақтайды. Өз қалаулары бойынша суреттерді ңбіреуін таңдап алып,, оған қандай қамқорлық көрсететінін айтады. **Жүректен-жүрекке:** Балаларға өлең жолдарын бірге қайталауды ұсынамын. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті тұрамыз. Айналаға, бар адамға, Тек мейірім сыйлаймыз. **Қорытынды:** - Біз бүгін үлкендерге, кішілерге, қол ұшын беріп, қамқор болуға үйрендік. Жасаған қамқорымыз қайырымымыз, ешқашан ізсіз кетпейді. Қайта соның бәрі бізге жақсылық болып оралады. Жақсылықты риясыз жасаған дұрыс. Балалар өз әсерлерін	

				білдіреді. **Ағылшын тілінде сөйлеп үйренеміз (ВК)**	
	Серуенге қызығушылық туғызу, балалармен жеке әңгімелесу,серуенге ойын материалдарын таңдау,серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен Бақылау Еңбек қызметі. Қимылды ойын. Жеке жұмыс. Дербес қызмет. Гигиеналық және шынықтыру	**Көктемгі картотека** №16	**Көктемгі картотека** №17	**Көктемгі картотека** №18	**Көктемгі картотека**№19	**Көктемгі картотека** №20
Серуенге шықпаған жағдайда	В.Воскобовичтың дамытушы ойындарын өткізу	Асық терапиясы бойынша жұмыс жасау	В.Воскобовичтың дамытушы ойындарын өткізу	Асық терапиясы бойынша жұмыс жасау	В.Воскобовичтың дамытушы ойындарын өткізу
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
Түскі ас	Балалардың дұрыс тамақтануға үйрету ,тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыстар жүргізу, тамақтану этикасын сақтау. Сумен жуынуды, белгі ретімен орындау, сүлгіні орнына ілуді қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Ұйқыдан ояту. Төсек үстіндегі жаттығу. Тыныс алу жаттығулары	Ұйқыдан кейінгі жаттығулар кешені №5				

Шынықтыру шаралары					
Бесін ас	Сумен жуынуды,белгі ретімен орындау,сүлгіні өз орнына ілуді қалыптастыру.(жуынудың реттілігін сақтау) Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыстар жүргізу «Тамақтану мәдениеті»				
Сюжеттік-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар Театрландырылған іс-әрекет. Аз қозғалмалы ойындар	**Театрландырылған іс-әрекет** «Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» **Мақсаты:** ертегінің желісі бойынша ойнай алады. **И.қ.о №48«Тауық қорадағы түлкі» Мақсаты:** балалар белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыланған.	**Дидактикалық ойын:** «Не артық?» **Мақсаты:** Артық затты табуға, байқағыштықтарын дамытады. **И.қ.о №48«Аюдың апанында» Мақсаты:** балалар ойын шартын бұзбай ойнауды біледі.	**Сюжетті-рөлдік ойындар: «Мимика мен ым театры» ойындары. Мақсаты:** Ойын арқылы баланың шығармашылық ойлауын дамыта отырып әдептілікке, мейірімділікке,адамгершіліке ым арқылы түсіндіре алады. **Фланелеграфта ертегі көрсету:** «Жыл басына таласқан-хайуанаттар» **Мақсаты:**фланелеграфты пайдалана отырып, өздіктерінен ертегі айта білуге үйрету.	**Дидактикалық ойын:** «Бет орамалға лайық жамауларды табу» **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. **Ұ.о: №41. «Атқаума» Мақсаты:** Балаларға ойын барысын түсініп ойнай біледі.	**Сюжетті рөлдік ойын:** «Шаштараз» **Мақсаты:** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүру керектігін біледі. **Ұ.о: №37. «Қара құлақ» Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес балалармен жеке жұмыстар	**Нурлыбек Райана Айсулу** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Дыбыстық талдау жасай білу.	**Назым Айару Коркем** қайшымен жұмысты аяғына дейін тиянақты орындауын қадағалау,үйрету.	**Айару Коркем Нурлыбек** қысқаша тақпақтар арқылы тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Тіл жаттығуын жаттату.	**Назым Райана Айсулу Р,Ғ,Н,Қ** дыбыстарын анық,дұрыс айтуға үйрету.	**Айсулу** Апта күндерін ретімен айтып беруге жаттықтыру.

Серуенге дайындық Серуен. Қозғалмалы ойындар.	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.					
Балалар және ата-аналармен қарым-қатынас Балалардың үйге қайтуы.	**«Дәмді Пицца» әдісі Мақсаты:** балалар күні бойы игерген білім-біліктерін ата-аналармен бірлесіп қорытындылай біледі. **Ата -аналармен жұмыс:** Балалармен айналада болып жатқан өзгеріс туралы серуен кезінде әңгімелесу**.**	**«Әткеншек әдісі» Мақсаты:** Балалар күні бойы өзіне ұнаған іс-әрекетке қорытынды жасай алады. **Ата аналармен жұмыс:** Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.Үйде өз –өзіне қызмет көрсету дағдыларының орындалуын қадағалауды тапсыру.	**«Смайликтер» әдіс Мақсаты:** Балалар күні бойы өзіне ұнаған іс-әрекетіне баға бере алады. **Ата -аналармен жұмыс:** Балалармен айналада болып жатқан өзгеріс туралы серуен кезінде әңгімелесу**.**	**«Құрдастар» әдісі Мақсаты:** Балалар күні бойы алған білімдері мен дағдыларын қорытындылай алады.Достарымен талқылай біледі **Ата аналармен жұмыс:** Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.Үйде өз –өзіне қызмет көрсету дағдыларының орындалуын қадағалауды тапсыру.	**«Ресторан»әдісі Мақсаты:** Балалар апта бойы алған білімдері мен дағдыларын қорытындылай алады. **Ата –аналармен жұмыс:** Үйге оқу қызметіне байланысты тапсырмалар беру.	

Тексерілді: